



ФИБРАПЛИТ САУДА МАРКАСЫНЫҢ ҚАСБЕТТІК ФИБРОЦЕМЕНТТІ ТАҚТАЛАРЫН САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

1. Фиброцементті панельдерді тасымалдау және жүкті тиеу-түсіру жұмыстарын орындау ережелері

1.1. Панельдерді алаңшаға немесе алаңша бойынша тасымалдауды осындай көлік құралы немесе құрылғы үшін белгіленген жүктерді тасымалдау ережелерін және белгіленген тәртіппен бекітілген басқа да құжаттаманың талаптарын сақтап, кез келген көлік құралымен немесе құрылғы арқылы жүргізіледі.

1.2. Жүк қармау құрылғыларының өнімді бұзу мүмкіндігін болдырмайтын қорғаныс керек-жарақтары болуы тиіс.

1.3. Панельдер өндірушіден көлік пакеттерінде жеткізіледі. Пакеттер түпқоймаларды пайдаланып, панельдерден құрылады және полиэтилен қабықшасымен қапталады.

1.4. Жүкті тиеген (түсірген) кезде пакеттерді ілмектеуді түпқойманың көлденең білеулер арқылы орындау керек. Панельдер, олардың жылжуын болдырмай, салынуы мен бекітілуі тиіс.

1.5. А/м көлігімен тасымалдаған кезде панельдері бар пакеттерді шанақ ені бойымен автомобиль шанағына бір немесе екі қатармен орнатады.

1.6. Пакеттерді шанақ ені бойымен екі қатармен жүктеген кезде автомобиль борттары ілмектерді босату үшін ашық болуы тиіс.

1.7. Жүкті тиегеннен кейін автомобиль борттарын жабу керек. Ықтимал төңкерілуден пакеттерді сыммен, жіппен немесе арнайы белбеулермен бекітуге болады, борт ілгектері немесе автомобиль жиектемесінің лонжерондары арқылы іліп алыңыз.

1.8. Панельдерді қолмен тасымалдауды екі қызметкер бір панельді ұстап орындау керек.

Панельді тасымалдаған кезде тігінен ұстау керек, майысу мен салбырауын болдырмаңыз. Тігінен тасымалдау мүмкіндігі болмаса, зембіл пайдаланыңыз.

Екі және одан артық панельді зембілсіз, қолмен тасымалдауға – тыйым салынады!

2. Өнімді сақтау ережелері

Панельдерді тұтынушыда сақтау келесі талаптары орындап жүргізілуі тиіс:

2.1. Көлік пакеттеріне құрастырылған панельдерді құрғақ ашық асфальт немесе бетон алаңшасында **ең көбі 3 күн ішінде** тек көлденең күйінде және көлік қаптамасы сақталған кезде ғана уақытша сақтауға рұқсат етіледі. **Өнімнің сақтау кепілдігі үшін су өткізбейтін жабын – полиэтилен қабықшасын қосымша қолдану керек.** Аса ұзақ сақтау мерзімдерде өнімді жабық алаңшасында орналастыру керек. Жабық алаңшасы панельдердің атмосфералық жауын-шашыннан (жаңбыр, қар) толық қорғанысына кепілдік беруі тиіс.



2.2. Көлік қаптамасын бұзған кезде панельдерді жабық орынжайда немесе ылғалдануын, ал минуслық температура кезінде бұйымдардың мұздануын және олардың зақымдануын болдырмайтын жағдайларда шатыр астында сақтау керек.

2.3. Панельдердің боялған беткі қабаттарының зақымдануын болдырмау үшін панельдерді тасымалдаған және сақтаған кезде олардың арасына төсеме материал салады.

2.4. Панельдерді қолмен ауыстырып салған кезде төсеме материалының сақталуын байқау қажет яғни боялған беткі қабаттардың тура жанасуына жол бермеу керек.

2.5. Сәнді жабыны жоқ панельдердің көлік пакеттерін тұтынушыда сақтаған кезде бірінің үстіне бірін салуға болады. Бұл арада көлік пакеттері тосқауылының биіктігі 2,5 м аспауы тиіс.

2.6. Сәнді жабыны бар панельдердің көлік пакеттерін тұтынушыда сақтаған кезде бірінің үстіне бірін салуға тыйым салынады.

2.7. Жұмыс арасындағы үзіліс уақытында ашық алаңшасында ашылған пакетті қалдыруға болмайды.

ТӨСЕМЕ МАТЕРИАЛЫНСЫЗ ПАНЕЛЬДЕРДІ ҚОЙМАЛУҒА ЖӘНЕ САҚТАУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!